



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-40/1093 от: 31.05.2017

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2017 жылғы 7 сәуірдегі № ДС-99

Құрметті депутаттар!

«Халық қаһарманы» атағы иегерлеріне (бұдан әрі – «халық қаһармандары») қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Халық қаһармандарына» Ресей үлгісі бойынша белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктер ұсына отырып, оларға айрықша мәртебе беру мәселесі бойынша

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) сәйкес ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері – «Алтын Қыран» ордені, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да ордендері, медальдары, құрметті атақтары және Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болып табылады.

Заңның 44-бабында жергілікті өкілді органдарға жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен «Отан», «Даңқ» ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – «Халық Қаһарманы» атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтарға жеңілдіктер беру құқығы берілген.

Осыған орай көрсетілген тұлғаларға жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдер беру мәселесін өңірлер жергілікті бюджеттің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып дербес шешеді.

Әлеуметтік жеңілдіктерді азаматтардың тек белгілі бір санатына, атап айтқанда «халық қаһармандарына» ғана беру ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері бар басқа санаттарға қатысты «әлеуметтік теңсіздікке» алып келуі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Бұл ретте «халық қаһармандарына» айрықша мәртебе беру мақсатында мемлекет тарапынан олардың құрметіне орай көшелерді, әлеуметтік объектілерді, елді мекендерді қайта атау, аллеялар ашу секілді тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Банк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

31.05.2017 ЭҚАБЖ МО (7.20.0 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

«Халық қаһармандарының» есімдерін әлеуметтік объектілер мен көшелерге беру, аллеялар ашу, сондай-ақ ерлік сабақтарын өткізу, олардың өмірбаяндарын мектептерде оқыту және шығармалар жинағын шығару мәселелері бойынша егжей-тегжейлі ақпарат қоса беріледі.

Қосымша: п.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

«Халық қаһармандарының» есімдерін әлеуметтік объектілер мен көшелерге беру және олардың құрметіне орай аллеялар ашу мәселесі бойынша

Республикада «халық қаһармандарын» құрметтеу және олардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында тұрақты түрде іс-шаралар өткізіліп отырады.

Республикалық ономастикалық комиссияның 2017 жылғы 6 наурыздағы шешімімен Атырау қаласындағы № 33 мектепке Қ. Қайсеновтің, Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы №1 мектепке Ғ. Байтасовтың, Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданындағы №3 мамандандырылған интернат-мектепке М.Қалмырзаның, Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданындағы №116 мектепке Х.Доспанованың есімін беру бойынша ұсыныстар қаралып, оң қорытынды берілді. Сондай-ақ аталған комиссияның қарауына Орал қаласындағы № 30 мектепке Х. Доспанованың есімін беру мәселесі де енгізілді.

«Халық қаһармандары» Б.Момышұлының, Р.Қошқарбаевтың, Т.Әубәкіровтің, Т.Мұсабаевтың, Р.Бағланованың, Ә.Мәмбетовтің, Ш.Чокиннің, Б.Бейсекбаевтың, Қ.Қайсеновтің, Х.Доспанованың, Н.Тілендиевтің, Қ.Рысқұлбековтің, Ғ.Байтасовтың есімдері Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында және Астана, Алматы қалаларында көшелерге берілген.

Астана, Тараз қалаларындағы саябақтардың біріне Б. Момышұлының аты берілген және жақын арада Астана қаласы ономастикалық комиссиясының отырысына қалалық аллеялардың біріне «халық қаһармандарының» бірінің есімін беру жөніндегі мәселе ұсынылады. Сондай-ақ Көкшетау қаласында «Халық қаһарманы» аллеясын ашу мәселесі қалалық мәслихаттың отырысына енгізілетін болады, Ақтау қалалық скверіне «Халық қаһармандары» атын беру жоспарлануда. Қызылорда облысында «Халық қаһармандарының» құрметіне орай аллея ашу мәселесі пысықталуда.

Ақмола облысында 2016 жылы С. Нұрмағанбетовтің, 2014 жылы Р.Қошқарбаевтың бюсті орналастырылды. Батыс Қазақстан облысында Х.Доспанованың құрметіне орай мүсін композициясын орнатуға қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

«Ерлік сабақтарын» өткізу, мектептерде «халық қаһармандарының» өмірбаяндарымен танысу, шығармалар жинағын шығару мәселесі бойынша

Білім беру ұйымдары республика бойынша мынадай тақырыптар бойынша «ерлік сабақтарын» тұрақты түрде ұйымдастырады: «Р.Қошқарбаев – водрузивший красное знамя над Рейхстагом», «Бессмертное мужество – пример поколению», «Желбіре, жеңіс жалауы!», «Аңызға айналған қаһарман!», «Ұмытылмас ерлік». Мектептерде «Тарихи тұлғалар», «Халық қаһармандары», қазақстандық ғарышкерлерге арналған «Ғажайып ғарыш әлемі», «Ғарышқа түрен салған, қайран қазақ», «Ғарышты бағындырған Қазақстан» атты ашық сабақтар ұйымдастырылады.

«Тарих» пәні бойынша оқыту бағдарламаларында Қазақстандықтардың Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы және Тәуелсіз Қазақстан замандастарының ерен ерлігін, ғарышкерлердің жетістіктерін баяндайтын тақырыптар қарастырылған.

Сондай-ақ республикалық «Патриот» айлық акциясын өткізу жоспарлануда, оның аясында «Батырлық сабағы», «Мен патриотпын» сабақтарын өткізуді қарастырылған. Қазақстан Қарулы күштерінің 25 жылдығын мерекелеу қарсаңында республикадағы патриоттық клубтарда Б.Момышұлының, Р.Қошқарбаевтың, Х.Доспанованың, Қ.Қайсеновтің, С.Нұрмағанбетовтің ерліктеріне арналған іс-шаралар өткізілді.

Бірқатар өңірлерде «халық қаһармандарының» өмірі мен ерліктерін насихаттайтын әртүрлі патриоттық іс-шаралар өткізілуде (конференциялар, «дөңгелек үстелдер», көрмелер, викториналар, спорттық турнирлер, фестивальдар, әдеби кештер, «ашық сабақтар»). Атап айтқанда, 2016 жылдың соңында және ағымдағы жылдың басында Ақтөбе облысында Р. Бағланованың («Қазақтың бұлбұлы»), Н. Тілендиевтің («Қазақ сазының сайыпқыраны») шығармашылық кештері және Қ. Рысқұлбековті еске алу мақсатында (Желтоқсан жаңғырығы, «Ұлт рухының биік белесі» «Желтоқсан қарлығаштары», «Желтоқсан қыраны – Қайрат») іс-шаралар ұйымдастырылды. Батыс Қазақстан облысында «Читаемкнигудетямпровойну» халықаралық акциясы, «Мужество – наследиенароду, примерпоколению» атты кітап көрмесі және жауынгер ұшқыш Х. Доспанованың мерейтойына арналған тарихи танымдық іс-шара өткізілді.

Сонымен қатар «халық қаһармандарына» арналған шығармалар жинағын басып шығару мәселесіне тоқталар болсақ, Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Б.Момышұлы шығармалары жинағының 30 томдығы, А.Қазыбаевтың, Ж.Әлиханұлының Р.Қошқарбаев туралы кітабы, Н.Домбайдың «Қаһарман қыз Хиуаз», А.Сәрсенбаевтың «Жауынгер монологы» кітаптары жарық көрді. Ағымдағы жылдың соңында М.Қалдыбайдың «Мен халқымның Бауыржанымын» атты кітабын шығару жоспарлануда. Аталған кітаптарды шығару жұмыстары мемлекеттік тапсырыс аясында жалғасын табатын болады.